

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 мамырдағы № 365 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы ережеде:

15-тармақтың 126-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"126-1) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына кіре алатын жағдайларды халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов